

Ұ. Жұмабайқызы

Қытай Халық Республикасы, Орталық Ұлттар университеті, қазақ тілі мен әдебиеті факультеті, 2014 жылдық көне түркі тілін зерттеу бағытының магистранты

«КҮЛТЕГИН» ҚҰЛПЫТАСЫНДАҒЫ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫҢ ЕМЛЕСІ

Аннотация: «Күлтегін», «Тонькөк», «Білге қаған» мәңгі тастары – Екінші Түрік қағанатынан қалған бірден-бір тарихи жазба мұра. Бұл құлпытастардың, яғни Орхон ескерткіштерінің тілдік ерекшелігін сөз еткен ғылыми мақалалар көптеп кездеседі. Алайда ғалымдар негізінен мәтіннің тілдік ерекшелігіне баса назар аударып, ал ондағы дауысты, дауыссыз дыбыстардың емлесі, емлеге сәйкес келмейтін сөздер, олардың саны өз деңгейінде зерттелмей келеді. Осыған байланысты мақаламызда түркиялық ғалым – Др. Сенгіз Алиылмаздың «Orhun Yazitlarinin Bүgүnkü Durumu» атты еңбегіндегі «Күлтегін» құлпытасының руник жазуындағы түпнұсқасы негізінде дауысты дыбыстардың емлесін, ондағы ережеге бағынбай жазылған сөздер туралы сөз етпекпіз. Көне түркі құлпытастары – ата-бабаларымыздың асыл қазынасы. Бұл мақалада көне құлпытастардың емле ережелері, ондағы тіл заңдылықтарын тереңнен зерттеу және дауысты, дауыссыз дыбыстардың емлелері туралы айтылады.

Тірек сөздер: Күлтегін, дауысты дыбыс, емле, Орхон, қағанат, руника.

У. Жұмабайқызы

Центральный университет национальностей КНР, Факультет Казахского языка и литературы, магистрант 2014 года по специальности изучение древнетюркского языка

ПРАВОПИСАНИЕ ГЛАСНЫХ В ПАМЯТНИКЕ «КУЛЬТЕГИН»

Аннотация: Вечные камни «Кюльтегин», «Тонькөк», «Билге каган» – это единственное историческое письменное наследие, оставшееся от Второго Тюркского каганата. Есть множество научных статей, исследовавших языковую специфику, этих надгробных камней, то есть Орхонских памятников. Однако ученые в основном уделяют особое внимание языковым особенностям текста, а написание гласных, согласных звуков, слова, не совпадающие с орфографией, их количество не изучено на должном уровне. В связи с этим в нашей статье речь пойдет о правописании гласных, о словах, написанных без соблюдения правил на основе оригинала в руническом письме надгробия «Кюльтегин» из труда турецкого ученого – доктора Сенгиз Алиылмаза «Orhun Yazitlarinin Bүgүnkü Durumu». Древнетюркские памятники - сокровище наших предков. В данной статье рассказывается об орфографических правилах древних, надгробий, углубленном изучении закономерностей языка и правописании гласных, и согласных звуков.

Ключевые слова: Кюльтегин, гласный звук, правописание, Орхон, каганат, руника

U.Zhumabaiqyzy

Faculty of Kazakh Language and Literature, Central University of Nationalities, People's Republic of China, master student in the study of the ancient Turkic language

RULES FOR VOWELS OF THE MONUMENT “KULTEGIN”

Abstract: The eternal stones “Kultegin”, “Tonikok”, “Bilge Hagan” are the only historical heritage left from the Second Turkic Kaganate. In this monograph, the authors consider the latest scientific and philosophical concepts of the problem of consciousness. However, scientists mainly pay special attention to the linguistic features of the text, in which the spelling of vowels, consonants that do not coincide with the spelling, their number is not studied at the proper level. In this regard, the article contains a Turkish scientist - Dr. In particular, he noted that at present, Kazakhstan is actively working to improve legislation, including in the field of education, health care, education, health care, culture, sports, social protection of the population, health care, education, culture, sports, health care, social protection of the population, education, healthcare, culture, sports, social protection of the population, healthcare, education, culture and sports. Ancient Türkic Kulpytists are the noble heritage of our ancestors. This article tells about the spelling rules of the ancient kulpytas, an in-depth study of the patterns of the language in it and the spelling of vowels, consonants.

Keywords: Kultegin, vowel sound, rules, Orkhon, kaganat, rune.

«Күлтегін», «Тоникүк», «Білге қаған» мәңгі тастары – Екінші Түрік қағанатынан қалған бірден-бір тарихи жазба мұра. Бұл құлпытастардың, яғни Орхон ескерткіштерінің тілдік ерекшелігін сөз еткен ғылыми мақала көптеп саналады. Алайда ғалымдар негізінен мәтіннің тілдік ерекшелігіне баса назар аударып, ондағы дауысты, дауыссыз дыбыстардың емлесі, емлеге сәйкес келмейтін сөздер, олардың саны өз деңгейінде зерттелмей келеді. Осыған байланысты мақаламызда түркиялық ғалым – Др. Сенгіз Алиылмаздың «Orhun Yazitlarinin Bügünkü Durumu» атты еңбегіндегі «Күлтегін» құлпытасының руник жазуындағы түпнұсқасы негізінде дауысты дыбыстардың емлесін, ондағы ережеге бағынбай жазылған сөздер туралы тілге тиек етпекпіз.

XVIII ғасырдың алғашқы жартысында Енисей өзенінің бойынан табылған көне ежелгі жазба ескерткіштер ғалымдардың ерекше қызығушылығын тудырды. Батыс елдері археологиялық топтар ұйымдастырып, тексеру, зерттеу үшін Моңғолияға жіберді. 1889 жылы орыс археологтары Орхон өзенінің бойынан «Күлтегін» және «Білге қаған» құлпытастарын тапты. Ғалымдар құлпытас аластарын шығарып, оқуға кірісті. 1893 жылы желтоқсанның 15-інде даниялық ғалым – В.Томсон құлпытастың сырын ашқаны туралы бүкіл әлемге паш етті.

1894 жылы В.Радлов Орхон ескерткіштері «Die Alttürkschen Inschriften der Mongolei» («Моңғолиядағы көне түркі ескерткіші») атты еңбегінің бірінші томын, 1895 жылы екінші томын шығарды. 1896 жылы В.Томсонның «Inscriptions de l’Orkhon déchiffrées» («Орхон ескерткіштерінің оқылуы») деп аталатын еңбегі жарық көрді. Бұл еңбек екі бөлімнен тұрады: бірінші бөлімде Орхон руник жазуы мен жазу жүйесі мәтіннен мысал келтіріле отырылып сипатталса, екінші бөлімінде мәтіннің арғы көрінісі туралы сөз болады. Сонымен қатар автор Таң патшалығының билеушісі – Күлтегіннің қазасына жазылған арнаудың ағылшынша аудармасын да берген. В.Томсонның бұл еңбегі өте сәтті болуына байланысты кейінгі түркітанушылар оны негізгі материал ретінде пайдаланып келеді. 1897 жылы В.Радлов «Die Alttürkschen Inschriften der Mongolei» («Моңғолиядағы көне түркі ескерткіші») атты еңбегін қайта бастырып шығарады. 1899 жылы кітаптың екінші томы да қайта басылады. Бұл жолы құлпытастардың руник жазуымен жазылған нұсқасы, оның транскрипциясы, сондай-ақ «Тоникүк» құлпытасының аудармасы беріледі. Түркия ғалымы Н.Оркүн 1936, 1938, 1940, 1941 жылдары жарық көрген «Eski Türk Yazıları» («Көне түрік жазбалары») атты төрт томдық еңбегінде В.Томсонның кітабын пайдаланған. 1941 жылы Германия ғалымы – А.Вон Габайнның «Altürkische Grammatik» («Көне түркі

тілінің грамматикасы») атты кітабы жарық көреді. Мұнда ғалым «Күлтегін» мәңгі тасын қайта транскрипциялағанмен, аудармасын бермеген.

1951 жылы Ресей зерттеушісі—С.Е.Малов («Памятники древнетюркской письменности («Көне түркі жазбалары») атты еңбегінде «Күлтегін», «Тоникүк» ескерткіштерінің қайта қаралған нұсқасын береді. 1968 жылы түркиялық тіл маманы Талаг Текин «A Grammar of Orkhun Turkic («Орхон түркі тілінің грамматикасы») атты докторлық диссертациясын Америкадан басып шығарады. Мұнда ғалым Орхон жазбаларын фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеп, нақты мысалдар келтіреді. Кітаптың соңында «Күлтегін», «Тоникүк», «Білге қаған», «Өнгін», «Күли Чор» мәңгі тастарының латынша транскрипциясы мен олардың ағылшын тіліндегі аудармасы, Орхон ескерткіштерінің шағын сөздік кестесі берілген. 2004 жылы германдық түркі танушы – Марсел Ердалдың «A Grammar of Old Turkic» («Көне түркі тілінің грамматикасы») атты еңбегі, 2005 жылы Жүңғө түркітанушысы – Гың Шымин мырзаның «古代突厥文碑铭研究» («Көне түркі тіліндегі құлпытастарды зерттеу»), 2010 жылы «古代突厥语语法» («Көне түркі тілі грамматикасы») атты зерттеу еңбектері жарық көрді.

Екінші Түркі қағанатына тән «Күлтегін» құлпытасы – руник жазуымен жазылған түркі тілі ескерткіші. Ескерткіште 38 таңба бар. Мұндағы 8 дауысты дыбыс 4 таңбамен, 8 дауыссыз дыбыс сингармонизм заңдылығына сәйкес 16 таңбамен берілген. Жеке қолданылған *q, k* дыбыстарын білдіретін таңбалармен қатар *oq, uq, qo, qi, q* дыбыстарын таңбалайтын *q, ök, ük, kö, kü, k*-лерді таңбалайтын *X* белгісі, *iq, qi, q*-ларды таңбалайтын *Q* белгісі бар. Бұдан тыс *ny, nt, nč, nt* сияқты қатар келген екі дауыссыз дыбыс бір таңбамен көрсетілген.

Төменде «Күлтегін» құлпытасындағы дауысты дыбыстардың емле ережесі мен ережеге бойсұнбай жазылған сөздер келтіріледі. Біріншіден, көне түркі тіліндегі 8 дауысты дыбыс 4 таңбамен, яғни *a* мен *ä* дыбысы *A* таңбасымен, *i* мен *ı* дыбысы *I* таңбасымен, *o* мен *u* дыбысы *u* таңбасымен, *ö* мен *ü* дыбысы *Ü* таңбасымен белгіленеді. Мысалы, *alyit1* (*t'ıŋl'a*², *ndub* (*b'od'un*¹), *škö* (*üküş*), *kšçe* (*ačs'iq*), *isit* (*at'ıs'ti*). Екіншіден, көне түркі тілінің емле ережесі бойынша, сөз басында немесе сөздің бірінші буынындағы дауыссыз дыбыстан кейін келген дауысты дыбыс *a* мен *ä* көп жағдайда жазылмайды. «Күлтегін» құлпытасындағы түбір сөз, туынды сөз не оларға жалғанған жалғау, жұрнақтарда сөздің соңында келген *a, ä* дыбысы түсірілмей жазылады да, сөз басында не сөздің ортасындағы буындарда келген *a, ä* дыбысы түсіріліп жазылған. Мәселен, сөз басында келген *a, ä* дыбыстары таңбаланбайды: *äd'güt'i*³ (жақсы), *äs'id*²- (есті-), *ануу* (жаман), *al't'un* (алтын), *al'qintü* (құлшындық), *ar'ip* (арық), *aγis'ti* (нарсасы, бұйымы), *ačs'iq* (аш), *ad'aq* (аяқ), *al'p* (батыр, қиын), *äb*² (үй), *äči* (әке), *äčü-ara* (ата-баба) т. б. Сөздің ортасында келген *a, ä* да таңбаланбайды: *қаған*¹ (қаған), *b'ar's* (барыс), *t'at'ar*¹ (татар), *qazyan'ip* (құлшынып), *b'as'mas'ar*¹ (баспаса), *s'imad'im* (тыңдамадым), *b'ängü* (мәңгі), *b'äd'izät(t)im* (безеттім, қашаттым), *t'ükät'i* (түгел), *t'ämür*² (темір), *y'ät'i* (жеті) т.б. Яғни сөздің бірінші, екінші, үшінші буындарында келген *a, ä* дыбыстары таңбаланбаған.

Ал сөз соңында келген *a, ä* дыбыстары түсірілмей жазылған: *y'aziqa* (жазығына), *t'oγs'ıqa* (шығыста), *b'ir'yä* (оңтүстікке), *äkin*² *ar'a* (екеу ара), *b'ir'p'a* (бірге), *kimkä* (кімге), *b'il'gä* (білге), *käčä* (кешіп), *b'ašıŋa* (басына), *b'it'igmä-* (жазған-), *t'ıŋl'a-* (тыңда-) түрінде түбір сөз бен туынды сөзде немесе оларға жалғанған қосымшалардың соңында келген *a, ä* дыбыстары ықшамдалмай, толық жазылған. Мұндай сөздер құлпытаста көп кездеседі. Жиі қайталануына байланысты санауда қиындық тудырады.

¹ Оңнан солға қарай оқылады.

² Мұндағы әріптердің шекесіне қойылған бір цифр жуан дауыстылармен келетін дауыссызды, ал екі цифр жіңше дауысты дыбыстармен келетін дауыссыздарды көрсетеді.

³ Бұдан былай сөздердің латынша транскрипсиясы беріледі.

«Күлтегін» құлпытасындағы кейбір сөздерде сөз басында немесе сөз ортасында келген *a*, *ä* дыбысы түсірілмей, толық жазылған, яғни ережеге бойсұнбаған. Құлпытаста мұндай 8 сөз бар:

таңбасы:	транскрипциясы:	мағынасы:	орны: ¹
KsÇe	ačs ² iq	аш	О 8
nīḤa	at ¹ in	атын	Ш 7
Map	apam	бабамыз (ата-баба)	Ш 1
smaTGiS	s ¹ yt ¹ amīs ²	сықтаған (жылап-сықтаған)	Ш 4
smaLGNY	y ¹ oyl ¹ amīs ²	жоқтаған	Ш 4
GiḤa	at ¹ iḡ	атты	Б 2
aKmaT	t ¹ amqa	тамға, дауалға	ШС
zmapa	apamiz	бабамыз (ата-баба)	Ш 19

Кестедегі асты сызылып, қиғаш жазылған *a* дыбысы ережеге бағынбаған, яғни ықшамдалмай, толық жазылған.

Көне түркі тілінің емле ережесі бойынша, сөз басында немесе сөздің бірінші буынында келген дауысты *i*, *i*, *o*, *u*, *ü*, *ö* дыбыстары әдетте түсірілмей толық жазылады. Дауысты дыбыстардың емле ережесіне сәйкес *i*, *i* дыбыстарымен бастаған сөздерде бұл дыбыстар ықшамдалмай, толық жазылады: *ir*¹aq (алыс), *ḡar*¹ (күшті), *ič*¹ün¹- (бағыну-, айырылу-), *id*¹- (жібер-), *il*²gär²ü (ілгері, алдыда), *iki* (екі), *ič*²äki (іштері), *il*²Pigig (елді, елі бар), *in*²il²i (інілі), *igt*²i (бақты), *ič*- (іш-), *id*²is²iz (иесіз), *il*²k (ең, алдыңғы) т.б.

Емле ережесі бойынша, сөздің бірінші буынында келген *i*, *i* дыбыстары түсірілмей, толық жазылады: *y*²ir¹ay¹a (солтүстікте), *y*²imšaq (жұмсақ), *ḡan*üç (шығай, кедей), *qir*¹q (қырық), *y*²išqa (тауға), *qir*¹any (қытай), *b*²ir²t²ük (бердік), *b*²iziḡä (бізге), *b*²il²igs²iz (білімсіз), *b*²in²ir (миніп), *s*²ir²t²ci (сықтаушы), *b*²išükiḡä (бесігіне), *b*²it²i- (жаз-) т.б.

i, *i* дыбыстары сөз соңында келгенде де түсірілмейді. Құлпытастағы түбір сөз бен туынды сөздің, сондай-ақ жалғау, жұрнақтардың соңында келген *i*, *i* дыбыстары ықшамдалмай, толық жазылғанын байқаймыз. Мысалы: *t*²ärḡi (тәңірі), *b*²ör²i (бөрі), *y*²är²i (жегі), *in*²is²i (інісі), *b*¹uy¹r¹uq¹i (шабарманы), *y*¹ay¹i (жауы), *y*¹ol¹i (жолы), *öl*²t²i (өлді), *özi* (өзі), *y*²igir²mi (жирма), *t*²ägd²i (тиді), *s*¹an¹čd¹i (шаншыды) т. б.

Құлпытастағы бірқатар сөздерде сөздің басында, бірінші буынында келген *i*, *i* дыбыстары емле ережесіне бойсұнбай, түсіріліп жазылған. Мұндай 17 сөздің бәрі де – түбір тұлғалы сөздер:

транскрипциясы:	мағынасы:	орны:	транскрипциясы:	мағынасы:	орны:
<i>b</i> ² ir ² iy ² ä	онтүстікке	Ш 14	<i>il</i> ² ki	ең алдымен	Ш 32
<i>y</i> ² igir ² mi	жиырма	ШО	<i>il</i> ² imiz	еліміз	Ш 1
<i>y</i> ² imšaq	жұмсақ	О 5	<i>il</i> ² iḡin ²	елінді	Ш 22
<i>y</i> ¹ ir ² t ² ä	жерде	О4	<i>il</i> ² iḡä	еліңе	Ш 23
<i>y</i> ² ir	Жер	Ш 34	<i>il</i> ² s ² ir ² ät ² mis ²	елсіз еткен	Ш 15
<i>y</i> ² inčü ügüz	інші өзен	О3	<i>il</i> ² gär ² ü	алдыңғы	Ш 21
<i>t</i> ² ir ² ir	жинап	О 10	<i>it</i> ² imiz	жібердік	Ш 21
<i>t</i> ² imis ²	деді	Ш 9	<i>Kim</i> kä	Кімге	Ш 9
<i>s</i> ² il ² ik	пәк	Ш 33			

Кестедегі асты сызылып, қиғаш жазылған *i/i* әріптері ереже бойынша жазылуға тиіс болғанмен, бұл сөздерде таңбаланбаған.

Құлпытастағы түбір, туынды сөздер мен оларға жалғанған қосымшаларда сөздің басында, бірінші буынында және сөздің соңында келген *i*, *i* дыбысы түсірілмей, толық жазылады да, қалған орындарда келген *i*, *i* түсіп қалады. Алайда төменде келтірілген 75 сөзде екінші, үшінші буындағы түсіп қалуға тиісті *i*, *i* дыбысы толық жазылып, ережеге бағынбаған:

транскрипциясы:	мағынасы:	орны:	транскрипциясы:	мағынасы:	орны:
äc̣iːlːi	ағалы	III 6	tːäŋrːdːä	тәңірде	O 1
äsːid-	есті-	O 2	tːäŋrːisːi	тәңірі	III 10
äc̣im	әкем	III 16	tːoq̣itːdːim	қашадым	O 12
äsːidːgilː	естіді	O 1	tːoq̣itːi	қашады	C 6
atːisːi	немересі	O 13	tːölːisː	төліс	III 33
inːisi	інісі	III 5	qurːiq̣anː	тайпаның аты	III 4
ilːbːilːgä	ілбілге	III 11	qurːiyarːu	Батысқа	O 2
isːig	күш	III 8	šadːap̣itː	шәдәпіт (мансап)	O 1
bːitːidːim	жаздым	III O	sːüc̣ig	тәтті	O 5
yːaziqa	жазығына	III 17	kisːig	адам	O 6
ärːig	жететін	O 13	äḳinti	екінші	C 5
äṣidːin	естідің	O 10	aḍinč̣iy	ерекше	O 12
oylːitːi	ұлдары	III 5	aq̣itː(tː)iṃiz	ағыздық	C 8
yːorːitːdːim	жорыдым	O 4	bːädːizc̣ig	безеушіні	o12
aỵisi	нәрсесі	O 5			

-ịy/-ig табыс септік жалғауы қосылғанда *i*, *ị* дыбыстары түсірілмей жазылған сөздер:

транскрипциясы:	мағынасы:	орны:
yạiỵ	жауды	III 15

i, *ị* дыбысына біткен үшінші жақ тәуелдік жалғауынан кейін табыс септік (-n) жалғанғанда *i*, *ị* дыбысы түсірілмей жазылған сөздер:

транскрипциясы:	мағынасы:	орны:	транскрипциясы:	мағынасы:	орны:
atːinː	атын	C 3	yːayẓinː	қоңырын	C 5
aq̣inː	ағын	III 40	qayanːinː	қағанын	III 36
arːmaq̣č̣isːinː	шаршағанын	III 6	tːägdːüḳinː	жеткенін	III 34
alːmatːinː	алмаған	O 9	tːörːüsːinː	заңын	III 1
äḳinː	екеу	III 1	sːüsːinː	әскерін	C 6
äḳisːinː	қарындасын	C 9	udːilːiq̣inː	аяғын	III 36
äbːinː	үйін	C 1	kiksːürːtːüḳinː	кектескенін	III 6
oylːinː	баласын	III 7	yːoŋaşurːtːuq̣inː	отаспағанын	III 6
oylːinta	баласында	III 1	yːoỵinta	казасында	C 7
ilːinː	елін	III 6	yːarːiq̣inta	жарығында	III 33
bːulːyaq̣inː	бүлінгенін	C 4	yːorːč̣inː	жорыққа шыққанын	III 32
bːolːtːuq̣inta	болғанында	C 3	yːalːmasːinta	шабарманында	III 33

ịy/ịy түріндегі екінші жақ тәуелдік жалғауы қосылғанда *i*, *ị* дыбысы түсірілмей жазылған сөздер:

транскрипциясы:	мағынасы:	орны:	транскрипциясы:	мағынасы:	орны:
aỵisːịŋa	затына	O 6	sːabːịŋa	сөзінді	O 6
oylːịŋa	ұлына	O 12	tːatːịŋa	тат руына	O 12
orːtːusːịŋarːu	ортасына дейін	O 2	bːatːsːiq̣ịŋa	батысына	O 2
yːaziŋa	жазығына	C 8	bːisːüḳịŋa	бесігіне	O 6
yːaṣ̌ịŋi	жасында	III 32	bːaṣ̌ịŋa	басына	III 33

ị/ị түріндегі үшінші жақ тәуелдік жалғауы қосылғанда *i*, *ị* дыбысы түсірілмей жазылған сөздер де бар: inːisːi (інісі), bːuyːrːuq̣i (шабарманы), yːaỵi (жауы), yːolːi (жолы), aỵisːi (заты) т.б.

Сын есім тудыратын жұрнақ *-siz*, *-lịy* жалғанғанда құрамындағы *ị/ị* дыбысы түсірілмей жазылған сөздер:

транскрипциясы:	мағынасы:	орны:	транскрипциясы:	мағынасы:	орны:
bːodːunːilːiỵ	халқы бар	III 6	yːaỵiṣiẓ	жаусыз	III 30
qalːiṣiẓ	түгел	C 1			

-*ir*/*ir* тұлғалы есімше қосымшасы жалғанғанда *i*, *i* дыбыстары түсірілмей жазылған сөздер:

транскрипциясы:	мағынасы:	орны:	транскрипциясы:	мағынасы:	орны:
y ¹ ayut ¹ ir ¹ -	жақындастырар-	О 5	b ² il ² ir ² s ² iz	білерсің	Ш 34
b ¹ ar ¹ ir ¹ -	барар-	Ш 10			

-*täci* тұлғалы есімше қосымшасы жалғанғанда *i*, *i* дыбыстары түсірілмей жазылған сөздер:

транскрипциясы:	мағынасы:	орны:
öl ² t ² äčis ² än	өлетін едік	О 8

-*ip* тұлғалы көсемше қосымшасы жалғанғанда *i*, *i* дыбыстары түсірілмей жазылған сөздер:

транскрипциясы:	мағынасы:	орны:
y ¹ or ¹ ip	жорып	Ш 35

Бұйрық райдың I жақ тұлғасында келген етістіктердегі *i*, *i* дыбыстары түсірілмей жазылған сөздер:

транскрипциясы:	мағынасы:	орны:	транскрипциясы:	мағынасы:	орны:
it ² äy ² in ²	Жіберейін	Ш 39	qon ¹ ay ¹ in ²	Қонайын	О 7

Кестедегі қиғаш жазылып, асты сызылған *i*, *i* дыбыстары ереже бойынша түсіріліп жазылуға тиіс болғанмен, толық жазылған. Ескерткіште мұндай сөздер көптеп кездеседі.

Дауысты дыбыстардың емле ережесі бойынша, сөз басында келген *o*, *u* дыбыстары ықшамдалмай, толық жазылады: u¹ay¹ (ұмай), ul¹ay¹u (тағы), ul¹uy (ұлық), ud¹imad¹im (ұйықтамадым), ul¹uš (ұлыс, ел), o¹uz (оғыз), o¹uš (оғыс, тайпа аты), or¹ay¹u (ұмтыла), ot¹ (от), ot¹uz (отыз), u (ұйқы), ol¹ur¹t¹d¹i (отырды), o¹yl¹ıqa (ұлынды), u¹yuš (ру) т.б.

o, *u* дыбыстары сөздің бірінші буынында келгенде түсірілмейді: qor (барлық), qul¹ (құл), b¹un¹ča (мұнша), y¹o¹uči (жоқтаушы), t¹or¹u (арық), t¹on¹ııy (тонды), t¹oqit¹d¹im (қашаттым), y¹or¹y¹ur¹ (жорыққа шықты), qunču (қаныша), b¹od¹un¹ (халық), b¹oşur¹ur¹ (басқарған), t¹oys¹ıqa (шығыста) т.б.

u дыбысы сөз соңында келгенде түсірілмей, толық жазылады. Түбір сөз бен туынды сөздерде, қосымшалардың соңында келген *o*, *u* дыбыстары түсірілмейді: y²ıı¹yar¹u (солтүстікке), b¹ay¹ir¹qu (байырғы), b¹aşl¹ay¹u (бастаған), qušu (құшы, адам аты), y¹ay¹u (жақын аралықта), s¹ay¹u (сайын), ot¹r¹u (орта), ud¹ısr¹u (қуалай), qur¹ıyar¹u (батыста) т.б.

Көне түркі тілінде сөздің соңы *o* немесе *ö* дыбыстарына бітпейді, *u* және *ıı* дыбыстарымен ақырласатын санаулы ғана сөз бар.

Құлпыптаста сөз басындағы немесе сөздің бірінші буынындағы *o*, *u* дыбыстары түсіріліп жазылған екі сөз кездеседі:

транскрипциясы:	мағынасы:	орны:	транскрипциясы:	мағынасы:	орны:
t ¹ okud ¹ um	қашадым	О 13	b ¹ ıı ¹ uıı	бүлік	Ш 2

Бұл сөздің бірінші буынындағы *o*, *u* әріптері ережеге қайшы таңбаланған.

Құлпыптастағы түбір және туынды сөздерде, қосымшаларда сөздің басында, сөздің бірінші буыны мен сөздің соңында келген *o*, *u* дыбыстары түсірілмей, толық жазылады. Қалған орындарында *o*, *u* дыбыстары түсіріліп жазылады. Алайда төменде келтірілген 35 сөзде екінші, үшінші буындарда түсіп қалуға тиісті *o*, *u* дыбыстары ережеге бойсұнбаған.

Түбір сөздің құрамындағы *и* дыбысының түсірілмей жазылуы:

транскрипциясы:	мағынасы:	орны:	транскрипциясы:	мағынасы:	орны:
al ¹ t ¹ un ¹	алтын	С 12	t ¹ oquz	тоғыз	С 4
ar ¹ t ¹ ur ¹ ur	алданып	О 6	t ¹ ar ¹ d ¹ uš	Тартыс (адам аты)	Ш 17
anču ¹ ad ¹ i	атады	Ш 32	t ¹ al ¹ yu ¹ qa	теңізге	О 3
b ¹ ol ¹ čun ¹	Болшы (жер аты)	Ш 11	qat ¹ un ¹	ханым	Ш 31
b ¹ ol ¹ čud ¹ a	Болшыда (жер аты)	Ш 37	šantun	Шәнтүн (жер аты)	Ш 17
b ¹ ay ¹ r ¹ qun ² un	Байырғының (адам аты)	Ш 36	or ¹ t ¹ us ² iŋar ¹ u	ортасына дейін	О 2
bodun	халық	Ш 4	b ¹ ošur ¹ miš	басқарған	Ш 13
b ¹ ošur ¹ ur	басқарар-	О 7			

-*и* тұлғалы табыс септік қосымшасы жалғанғанда *и* дыбысының түсірілмей жазылуы:

транскрипциясы:	мағынасы:	орны:	транскрипциясы:	мағынасы:	орны:
or ¹ d ¹ u	орданы	С 8	qun ¹ čuuy	қаншаны	Ш 20
y ¹ ab ¹ u	жабғыны	Ш 14	qar ¹ uqu	қарлықты	С 2
t ¹ ut ¹ uqu	тұтықты	Ш 38			

-*ин* тұлғалы тәуелдеулі табыс септік қосымшасы жалғанғанда *и* дыбысының түсірілмей жазылуы:

транскрипциясы:	мағынасы:	орны:	транскрипциясы:	мағынасы:	орны:
oqun ¹	оғын	Ш 33	y ¹ ar ¹ uun ¹	жарығын	Ш 34

Етіс қосымшалары жалғанғанда *и* дыбысының түсірілмей жазылуы:

транскрипциясы:	мағынасы:	орны:	транскрипциясы:	мағынасы:	орны:
ur ¹ t ¹ ur ¹ t ¹ im	қашаттым	О 12	qontur ¹ imiz	қондырдық	Ш 21
y ¹ oŋšur ¹ -	өшестір-	Ш 6	y ¹ ar ¹ at ¹ ur ¹ t ¹ im	жараттым	О 12
y ¹ ayut ¹ ir ² -	жақындастыр-	О 5	y ¹ ar ¹ at ¹ un ¹ u	жаратылған	Ш 10

-*зин* тұлғалы үшінші жақ бұйрық рай қосымшасы жалғанғанда *и* дыбысының түсірілмей жазылуы:

транскрипциясы:	мағынасы:	орны:	транскрипциясы:	мағынасы:	орны:
b ¹ ol ¹ mazin ¹	болмасын	Ш 11	qal ¹ mazin ¹	қалмасын	Ш 20

-*уи*/*-и* тұлғалы есімше қосымшалары жалғанғанда *и* дыбысының түсірілмей жазылуы:

транскрипциясы:	мағынасы:	орны:	транскрипциясы:	мағынасы:	орны:
b ¹ ošur ¹ ur ¹ -	басқарар-	О 7	y ¹ or ¹ iy ¹ ur ¹	жүрер	Ш 12
b ¹ ar ¹ ur ¹ -	барар-	С 1	y ¹ ašay ¹ ur ¹	жасар	С 2
ol ¹ ur ¹ ur ¹ -	отырар-	Ш 3			

Кестедегі қиғаш жазылып, асты сызылған *i*, *i* дыбысы ереже бойынша түсіріліп жазылуға тиісті, бірақ сөз аралығында толық жазылған.

Дауысты дыбыстардың емле ережесіне сәйкес сөз басында *ö*, *ii* дыбыстары таңбала-нады: üč (үш), ög (шеше), üzä (үстиде), üküš (көп), üčün² (үшін), üzüm (өзім), ügüz (өзен), öy²ür² (үйір), özi (өзі), ögi²- (қуану-), ökün²- (өкін-), öŋ²äki (алдыдағы), ö²t²üg (өлдік), ö²ükän² (өткен, тау аты) т.б. Сөздің бірінші буынында келген *ö*, *ii* дыбыстары түсірілмейді:

kök (көк), күн² (күн), т²үр²к (түрік), күс (күш), т²өр²ү (заң), т²өр²т² (төрт), көңіл² (көңіл, ой), т²үрүт² (Тибет), күс²і (әскері), көт²үр²- (көтер-), көр²үгмә (көрген), б²өд²кә (шақта), с²үл²әр (аттандырып, шығарып), у²үгүр²т²і (ақты), күл²т²ігін² (Күлтегін) т. б.

Түбір сөз, туынды сөз немесе оларға жалғанған қосымшаларда сөз соңында келген *ö, ü* дыбыстары түсірілмей, толық жазылады: äd²gü (жақсы), äcü (ата), т²өр²ү (заң), б²әңгү (мәңгі), көр²ү- (көріп), с²үл²әу²ү (аттандырып), іл²гәр²ү (ілгері, алдыда), т²ір²гир²ү (тіріліп), өл²ү-у²т²ү (өліп-талып), б²ір²гәр²ү (бірге), у²т²р²ү- (жоғалтып-), у²әр²гәр²ү (жерге қарай) т. б.

Құлпытаста сөздің басында не бірінші буынында келген *ö, ü* дыбыстары түсіріліп жазылған төрт сөз кездеседі:

транскрипциясы:	мағынасы:	орны:	транскрипциясы:	мағынасы:	орны:
üküş	көп	О 10	ү ² ükün ² т ² үр ² т ² іміз	жүгіндірдік	Ш 18
ökün-	өкін-	Ш 23	üküş	көп	О 7

Құлпытастағы сөздің басында немесе бірінші буыны мен сөздің соңында келген *ö, ü* дыбыстары түсірілмей, толық жазылады. Қалған орындарында келген *ö, ü* әріптері түсіріліп жазылады. Алайда төмендегі 36 сөздің екінші, үшінші буындарындағы түсіп қалуға тиісті *ö, ü* дыбыстары ережеге бойсұнбай, таңбаланған.

Түбір сөздің құрамындағы *ü* дыбысының түсірілмей жазылуы:

транскрипциясы:	мағынасы:	орны:	транскрипциясы:	мағынасы:	орны:
äd ² güt ² і	жақсы	О 2	т ² өрүт ²	Тибет	Ш 4
ökün ² -	өкін	Ш 23	т ² үрүт ² кә	Тибетке	О 3
öt ² ükän	Өткен (тау аты)	О 8	т ² өр ² үміз	заңымыз	Ш 22
ül ² ügüm	бөлегі	Ш 29	т ² өр ² үһін ²	заңыңды	Ш 22
ү ² üküntür ² mis ²	жүгіндірді	Ш 18	т ² өр ² үг	заңды	Ш 3
с ² үнүк	сүйек	Ш 35	т ² өр ² үс ² үн ²	заңын	Ш 13
с ² әңүн ² кә	Сәңгүнге	Ш 32	т ² өр ² үс ² ін ²	заңын	Ш 1
кікс ² үр ² т ² үкін ²	өштескенін	Ш 6	т ² өр ² үд ² ә	заңында	Ш 16
әсүм	әкем	Ш 1	т ² өр ² үс ² інсә	заңындай	Ш 13

-ür/-gür/-tür тұлғалы өзгелік етіс қосымшасындағы *ü* дыбысының түсірілмей жазылуы:

транскрипциясы:	мағынасы:	орны:	транскрипциясы:	мағынасы:	орны:
käl ² ür ² т ² üm	келтірдім	О 11	kigür ² т ² ig	кіргіздік	Ш 23
с ² ökür ² mis ²	идірдім	Ш 15	өл ² үр ² әу ² ін ²	өлтрейін	Ш 10
küt ² ür ² mis ²	көндірді	Ш 11	өл ² үр ² mis ²	өлтірді	Ш 40
ір ² т ² үр ² ү	жеткізіп	Ш 40	ү ² ükün ² т ² үр ² -	жүгіндір	Ш 15
өгт ² үр ² -	бактыр-	Б 2			

-ür тұлғалы есімше қосымшасы жалғанғанда құрамындағы *ü* дыбысының түсірілмей жазылуы:

транскрипциясы:	мағынасы:	орны:	транскрипциясы:	мағынасы:	орны:
өл ² үр ² -	өлер-	Ш 10	с ² ökür ² -	сөгер-	Ш 2
өу ² үр ² -	ойланар-	О 5	б ² ір ² үр ²	берер-	Ш 9
көр ² үр ² -	көрер-	С 10			

Тәуелдік, септік жалғауларындағы және шылау сөздің құрамындағы *ü* дыбысының түсірілмей жазылуы:

транскрипциясы:	мағынасы:	орны:
с ² әңүкүн	Сүйегің	Ш 24
ін ² ү ² ігүн ² ім	Інім	О 1
kür ² әгүн ²	Көргенінді	Ш 23
үсүн ²	Үшін	С 4

Талдауға негіз болған Әл Илмаз нұсқасындағы сөздердің көбі емле ережесіне сай жазылған. Алайда ережеге бойсұнбай жазылған сөздер де кездеседі. Бұл сөздер негізінен *i*, *i* дыбыстарына қағысты. Яғни, жазылуға тиісті жерінде жазылмаған, керісінше, жазылмауға тиісті жерлерінде жазылған тұстар кездеседі. Ережеге бойсұнбай жазылған сөздердің екінші, үшінші буындарында түсіп қалуға тиісті *i* дыбысының орнына *u*, *i* дыбысының *ü* дыбысын қойып, транскрипциялауға болады. Мысалы, *qurıyaru* сөзінің екінші буынында түсіп қалуға тиісті *i* дыбысының орнына ерін үндестігі бойынша *u* дыбысын қойып *qurıyaru* деп оқуға да болады. Осыған ұқсас *al¹t¹un¹* деген сөздің екінші буынындағы түсіп қалуға тиісті *u* дыбысының орнына *i* дыбысын қойып, *al¹t¹ın¹* деп алмастырып оқуға да болады. *Ökin²* сөзін *ökin²* деп оқуға болады, *it²üy²ın²* сөзін *it²üy²ün²* деп оқуға болады. Құлпыптастағы екінші, үшінші буындағы түсіп қалуға тиісті орындардағы *i*, *i*, *u*, *ü* дыбыстарының түсірілмей жазылуы осындай жаңсақтықтан сақтану болса керек.

Дауысты дыбыстар жазылуға тиісті жерлерінде жазылмай қалған сөздердің саны жазылмауға тиісті жерлерінде жазылған сөздерден аз. «Күлтегін» құлпыптасы орнатылғалы арада бірнеше ғасыр өтті. Осы аралықта күннің қақтауы мен желдің үрлеуі салдарынан жазулар өшкіндеп, кейінгі суретке алынған нұсқаларда анық көрінбей қалған болуы немесе сол кездегі тасқа қашаушының емлені толық игермегенінен болуы мүмкін.

Айта кетер бір жайт – *il*, *iki* сөздері кейде *äl*, *äki* болып жазылып, *i* мен *ä* алмастырылған. Бұл сол кездегі диалект болуы да мүмкін. Көне түркі тілін арнайы зерттеген ғалым, профессор Еркін Ауғалиұлының айтуы бойынша, көне түркі тілінде қазіргі қазақ тіліндегі ашық, езулік, тіл алды дауысты дыбыс (*e*) болған, бірақ *e* дыбысының таңбасы болмағандықтан, оны (*e* дыбысын) бірде *i* әрпімен, енді бірде *ä* әрпімен таңбалауы да ғажап емес.

Көне түркі құлпыптастары – ата-бабаларымыздың асыл қазынасы. Құлпыптастардың емле ережелерін, ондағы тіл заңдылықтарын тереңнен зерттеу, оларды қастерлеп, қадіріне жету, қорғау, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, құндылығын асыра түсу – бұлтартпас борышымыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Dr.Cengiz Alyilmaz Orhun Yazitlarinin Bүgүnkü Durumu. – Ankara, 2005 (Kül Tigin 7-101). P. 33-35.

[2] Еркін Ауғалиұлы, Бәтима Бидоллақызы Көне түркі тілі лексикасының қазіргі қазақ тіліндегі өзгерісі. – Бейжің: Ұлттар баспасы, 2015. – 26 б.

[3] Гің Шымин. Көне түркі тілінің грамматикасы. – Бейжің, 2010. – 42 б.

[4] Гің Шымин. Көне түркі тілі құлпыптастарын зерттеу. – Бейжің, 2005. – 98 б.

[5] Талат Текиін. Орхон түркі тілінің грамматикасы. – Индиана, 1968. – 35 б.

[6] Марсел Ердал. Көне түркі тілінің грамматикасы. – Бостон, 2004. – 74 б.

[7] Қазіргі қазақ тілі. – Бейжің: Ұлттар баспасы, 1983. – 32 б.